



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің

2018 жылдың 02 - 04 мамыр аралығында
6D074800 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және
6D110400 «Фармация» мамандықтарының докторантурасы бойынша білім
беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары
талаптарына сәйкестігіне баға беру бойынша сыртқы сараптамалық
комиссиясы жұмысының нәтижесі туралы

Қарағанды 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптамалық комиссиясы

*АРТА Аккредиттеу
кеңесіне жіберілді*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

Қарағанды мемлекеттік медицина университетінің

2018 жылдың 02 - 04 мамыр аралығында
6D074800 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және
6D110400 «Фармация» мамандықтарының докторантурасы бойынша білім беру
бағдарламаларының мамандандырылған аккредиттеу стандарттары талаптарына
сәйкестігіне баға беру бойынша сыртқы сараптамалық комиссиясы жұмысының
нәтижесі туралы
ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

(I) ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСЫ.....	5
(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ.....	7
(V) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ПРОЦЕДУРАСЫН СИПАТТАУ	8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	9
6.1 Стандарт «Миссия және оқытудың соңғы нәтижелері».....	9
6.2 Стандарт «Ғылыми-зерттеу ортасы мен білім беру ресурстары»	10
6.3 Стандарт «Қабылдаудың саясаты мен талаптары»	12
6.4 Стандарт «PhD докторантураның бағдарламасы»	13
6.5 Стандарт «Ғылыми басшылық»	15
6.6 Стандарт «PhD бойынша диссертация»	16
6.7 Стандарт «Диссертациялық жұмыстарды бағалау».....	17
6.8 Стандарт «Басқару және әкімшілендіру».....	18
(VII) МЫҚТЫТАРАПҚА/ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕГЕ ШОЛУ	20
(VIII) САПАСЫН ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРҒА ШОЛУ	22
(IX) АККРЕДИТТЕУ КЕҢЕСІНІҢ ҰСЫНЫСЫ	22
1 ҚОСЫМША. Бағалау кестесі	
«МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІННІҢ ПАРАМЕТРЛЕРІ»	23



(I) ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР ТІЗІМІ

«ҚММУ» РМК, Университет, ЖОО – «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорны
PhD – философия докторы
SWOT – Strengths, weaknesses, opportunities, threats
АК – академиялық кеңес
ӘБП – әкімшілік-басқару персоналы
«Фитохимия» ХҒӨ холдингі» АҚ – «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» акционерлік қоғамы
ҚР МЖМББС – Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты
АЖД – Академиялық жұмыс департаменті
ДУЧР – Адами ресурстарды басқару департаменті
СД және ХЫД – Стратегиялық даму және халықаралық ынтымақтастық департаменті
ТЖД – Тұтынушылық жұмыс департаменті
ЖОЖ – жеке оқу жоспары
ҚММУ – Қарағанды мемлекеттік медицина университеті
ЭПК – элективтік пәндер каталогы
ҰПЗ – ұжымдық пайдалану зертханасы
ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
ҚР БҒМ – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
МБББ – модульдік білім беру бағдарламасы
ИСО ЗС – ИСО халықаралық стандарты
МТБ – материалдық - техникалық база
МАК – Мемлекеттік аттестаттау комиссия
ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыс
ДҒЗЖ – докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы
НҚА – нормативтік-құқықтық актілер
ҮКД – үздіксіз кәсіби даму
ҒСК – ғылыми сараптамалық комиссиясы
ҒСК – ғылыми сараптамалық кеңесі
ҒИҚМБ – ғылыми және инновациялық қызмет менеджменті бөлімі
БББ – білім беру бағдарламасы
ПОҚ – профессорлық – оқытушы құрам
ЖОЖ – жұмыс оқу жоспары
ЖБК – жұмыс берушілер кеңесі
ҮОЖ – үлгілік оқу жоспары
ФӨТ – фармацевтикалық өндіріс технологиясы
ПОӘК – пәннің оқу-әдістемелік кешені
ҒК – Ғылыми кеңес

(II) КІРІСПЕ

АРТА-нің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 25-18-ОД бұйрығына сәйкес, 2018 жылдың мамыр айының 02-04 жұлдызы аралығында «Қарағанды мемлекеттік медицина университеті» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына сыртқы сараптамалық кеңесінің (ССК) сапары болды. АРТА мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына 6D074800 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» және 6D110400 «Фармация» докторантурасының білім беру бағдарламаларына сәйкестігіне баға берілді.

Комиссияның төрайымы – Турдалиева Ботагоз Сaitовна, Медициналық құқық және сот медицинасы курсымен денсаулық сақтауды басқару мен саясаты кафедрасының меңгерушісі, С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті (Алматы);

Шетелдік сарапшы – Маркова Валентина Александровна, Фармацияны басқару мен экономика кафедрасының доценті, Санкт-Петербург химиялық-фармацевтикалық университеті (Санкт-Петербург, РФ);

1. **Сарапшы** – Торланова Ботагоз Онгаровна, Фармацевтикалық өндіріс технологиясы кафедрасының меңгерушісі, «Оңтүстік-Қазақстан медицина академиясы» АҚ (Шымкент);

2. **Сарапшы** – Малтабарова Нурила Амангалиевна, Жедел жәрдем медициналық көмек және анестезиология, реаниматология кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент, «Астана Медицина университеті» АҚ (Астана);

3. **Сарапшы** – Жумалина Акмарал Канашевна, Неонатологиямен №1 балалар аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.д., профессор, М. Оспанов атындағы Батыс - Қазақстан мемлекеттік университет (Ақтөбе);

4. **Сарапшы** – Игликова Асия Эрбулатовна, Стратегиялық даму және СМҚ бөлімінің басшысы, Үздіксіз білім беру қазақ медицина университеті (Алматы);

5. **Сарапшы** – Жумагалиева Ардак Назыловна, Терапия бойынша интернатура кафедрасының ассистенті, Семей мемлекеттік медицина университеті (Семей);

6. **Жұмыс беруші** – Даниярова Баян Лашиновна, ҚОДСБ «Облыстық клиникалық ауруханасы» КМК емдеу ісі жұмыстары жөніндегі директордың орынбасары (Қарағанды).

7. **Студент** – Махмутова Диана Равильевна, «Анестезиология, реаниматология, оның ішінде балалар» мамандығы бойынша 1 оқу жылымен резидент, «Астана Медицина университеті» (Астана);

8. **Агенттіктен бақылаушы** – Джакенова Алиса Сатбековна, Медициналық жобалар жетекшісі (Астана).

ССК есебі білім беру ұйымдары ұсынған білім беру бағдарламаларының АРТА талаптарына сәйкес болуына баға беру, білім беру бағдарламаларын әрі қарай жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары және бейінді білім беру бағдарламаларының параметрлерінен тұрады.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті КСРО Министрлер Кеңесінің 1949 жылғы 5 желтоқсандағы өкіміне сәйкес, «Қарағанды мемлекеттік медициналық институтын ұйымдастыру туралы» КСРО Министрлер Кеңесі 1950 жылғы 20 қаңтардағы Қаулысы негізінде 1950 жылы құрылды. Осы уақыттан бастап емдеу факультетінің 11 кафедрасының жоғары білікті ұжымы оқыту қызметімен айналыса бастады. ЖОО жыл сайын тез дамып келді: жаңа кафедралар, жаңа оқу корпустары, жатақхана ғимараттары, емдеу-сауықтыру орындары, демалу орындары ашылды. 1959 жылы санитариялық-гигиеналық факультет ашылды (қазіргі таңда, профилактикалық медицина, биология және фармакология факультеті), 1979 жылы педиатрия факультеті ұйымдастырылды, 1978 жылы стоматологиялық факультет ашылды. 1992 жылы Орталық азияда бірінші және ТМД елінде үшінші медициналық-биологиялық факультеті құрылды. Сонымен қатар, 1992 жылы медициналық-профилактикалық және клиникалық пәндер біліктілігін арттыру факультеті (БАФ) ашылды, ал 1993 жылы – педагогикалық біліктілікті арттыру факультеті (ПБАФ) құрылды. 2002 жылы «Шығыс медицинасы» және «Фармация» мамандықтары ашылды. Ал, 2013 жылы «Биология» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары ашылды.

Білім беру және ғылыми зерттеулердің сапасы жоғары деңгейдегі инфрақұрылыммен қамтамасыз етіледі: интерактивті жабдықтармен жабдықталған аудиториялармен 4 оқу корпусынан, оқу залдарын және электрондық кітапхана залымен ғылыми кітапхана, бүгінгі таңда, кітап қоры мемлекеттік тілде 372 893 дана қоса алғанда, барлығы 858 805 дана құрайды; ғылыми-зерттеу орталығы және ұжымдық пайдалану молекулалық-генетикалық зертханадан; 6 жатақхана, 57 клиникалық база, емхана, студенттік спорттық-сауықтыру лагерлері және демалыс аймағынан тұрады.

Студенттер мен қызметкерлер жоғары жылдамдықты Wi-Fi желісімен қамтамасыз етілген, ол университеттің барлық оқу корпусын мен жатақханалары алаңын қамтамасыз етеді. ҚММУ 64 виртуалды серверлер, 14 жеке серверлер жалпы көлемі 193 Тб. мен деректерді өңдеу Орталығы жұмыс істейтін қазақстандағы бірінші жоо болып табылады.

Әрбір студент пен қызметкерде Outlook жеке ұжымдық электрондық поштасы және ЖОО (ЖОО АЖ) ақпараттық жүйесіне кіру үшін дербес аккаунты, сонымен қатар қызметкерлер электрондық құжат айналымын іске асыру үшін SharePoint базасындағы ұжымдық порталына дербес қолжетімділігі бар.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын» жүзеге асыру шеңберінде, ҚММУ ғылыми-зерттеу орталығы құрылымында 2012 жылы Қазақстан Республикасының Солтүстік-Батыс өңірі бойынша гендік-молекулалық зерттеу жүргізу бойынша ұжымдық пайдалану зертханасы ашылды.

ҚММУ-нде 2017 жылдың 14 тамыздағы № KZ78LAA00009866 мемлекеттік лицензияға сәйкес, дипломға дейінгі және жоғары оқудан кейінгі деңгейде оқыту курстарында және 54 кафедрада арналған қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде оқыту жүргізіледі.

Университеттің кадрлық құрамы ұсынылған жоғары білікті оқытушылардан тұрады, оның ішінде 70 ғылым докторы, 7 PhD докторы және 265 ғылым кандидаттары кіреді. Университеттің жиырма оқытушысы Ұлттық Ғылым Академиясының, Медицина ғылымдары академиясының, Әскери ғылымдар академиясының, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының, Ресей Жаратылыстану академиясының, Халықаралық ақпараттандыру академиясының, Еуразия халықаралық ғылыми академиясының корреспондент-мүшесі болып табылады.

Еуропалық білім беру кеңістігі интеграциясы аясында 2010 жылғы 17 қыркүйекте Болонья қаласында (Италия) Болон процесі контекстінде ҚММУ мен Университеттердің

Ұлы хартиясына қол қойылды. 2011 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының «Авиценна» медициналық мектептерінің директориясында (World Directory of Medical Schools, WHO).

ҚММУ Еуропадағы Медициналық білім беру қауымдасты (AMEE), Еуропадағы Медициналық білім беруді зерттеу қауымдастығы (ASME), Азия Медициналық білім беру қауымдастығы (AMEA), Еуропалық жүйедегі (ORPhEUS) биомедицина және денсаулық сақтау саласындағы PhD қорғау бойынша ұйымы, Тынық мұхит және Оңтүстік-Шығыс өңірінің (UMAP) академиялық ұтқырлығы бойынша ұйымы, Еуропалық Университеттер Қауымдастығы (EUA) мүшесі болып табылады.

Университет таяу және алыс шетелдердің медициналық жоғары оқу орындарымен және ғылыми орталықтарымен медициналық білім беру, ғылым мен практика саласында белсенді халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады. ҚММУ-нің әріптестеріне келесі оқу орындары болып табылады: Олбани университеті (АҚШ), Пуатье университеті (Франция), Гетеборг университеті (Швеция), Мадрид университеті (Испания) Университеті, Лунд университеті (Швеция), Маастрихт университеті (Голландия), Лейчестер университеті (Ұлыбритания), Порто университеті (Португалия), Әулие Георгий университеті (Лондон, Ұлыбритания), Каролинский институты (Швеция), Мазарик университеті (Чехия), Аристотель университеті (Греция), Малайзия ұлттық университеті (Малайзия) және т.б.

2015 жылы университет Еуропалық Университеттер Қауымдастығына кіріп, Қазақстанның медициналық ЖОО арасында жоғары білім саласында әлеуетті арттыру бойынша Эразмус+ жобасы бағдарламасындағы бірінші грант өтінім беруші болды.

Университет SMART, METALL, UTIAP халықаралық көп орталық зерттеулер, денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеу жобалары мен республикалық бағдарламаларды іске асыру барасына қатысады. Соңғы үш жылда Thomson Reuters және Scopus ғылыми ақпараттардың беделді деректер базасында индекстелетін басылымдарымда жарияланымдар саны 6 есе өсті. Сонымен қатар, ҚР білім және ғылым министрлігі гранттық қаржыландыру 30-дан астам жобалар іске асырылды. 2004 жылдан бастап қазіргі уақытта дейін денсаулық сақтау мен медициналық білім беру саласында 50-ден астам ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар орындалды.

ҚММУ 2017 жылдан бастап ҚР ЖОО-на кәсіпкерлік білім беруді енгізу бойынша Еуразиялық жобаның (ERG) қатысушысы болды. Осы жоба шеңберінде жоода кәсіпкерлікті дамыту бойынша профессорлық-оқытушылық құрамның (ПОҚ) оқыту жүргізілді.

Еуропадағы Медициналық білім беру қауымдастығының (AMEE) симуляциялық обьту бойынша аккредиттеу комитеті 2017 жылы ЖОО-ның симуляциялық бағдарламасын таңдап, ASPIRE «Excellence simulation-based healthcare education» наградасымен марапаттады.

ЖОО қызметінің нәтижелілігі мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өткен 2016-2017 оқу жылы ЖОО-ның қызметін бағалау бойынша есеппен дәлелденеді.

ҚММУ:

- 2017 жылы «Энергоменеджмент» МС ИСО 9001:2015 және МС ИСО 50001:2011 стандарттар бойынша ЖОО сертификаттау («Русский регистр» сертификация жөніндегі қауымдастығы, Ресей);

- стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдар үшін аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне денсаулық сақтау саласындағы аккредитация (2016 ж.);

- «Сынама және калибрлы зертханаларына қойылатын жалпы талаптар» МЕСТ ИСО/МЭК 17025 талаптарына сәйкестігіне ҚММУ ҒЗИ Ғылыми-зерттеу санитариялық-гиеналық зертханасының бақылаушы аудиті мен аккредитация

- ҚР ДСМ Фармация комитетінің клиникалық практика (GCP) стандарттарына сәйкестігіне

- ББСҚТАР ұлттық агенттігінде 36 мамандықты мамандандырылған аккредитация.

Осы жылы студенттер арасында ҚР инновациялық жобалары «Мейкатон» конкурсында 1 сыйақы иегері болдық.

Түлектерді жұмысқа орналастырудың пайызы жылдан жылға жоғары деңгейде қалып отыр (97%), бұл сөзсіз еңбек нарығында біздің мамандардың бәсекеге қабілеттілігі, сұранысқа ие екенін көрсетеді.

2012 жылы ҚММУ «Фармация», «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтарының PhD-докторантура оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметін жүргізу құқығы алды. 2012 жылдан бастап осы уақытқа дейінгі оқу кезеңінде бірде-бір докторант оқудан шығарылған емес немесе академиялық демалыс рәсімделмеген.

2013-2014 оқу жылы 6D110400 «Фармация» мамандығы бойынша 2 докторант докторантураға түсті, ал 2015-2016 оқу жылында да 2 докторант түсті.

ҚММУ-де 4 оқу жылы аралығында (2013-2017) жалпы алғанда, «Фармация» мамандығы бойынша докторантурада 4 адам оқыған және оқуын жалғастырып жатыр.

ҚММУ-нде «Фармация» мамандығы бойынша докторанттардың бірінші шығарылым 2016 жылы болды (Е.С.Жүнісов, А.С.Адекенова). Докторанттың екеуі де оқу бағдарламасын ойдағыдай орындап, диссертациялық жұмыстарын қорғады, «Фармация» мамандығы бойынша оларға PhD дәрежесі берілді. Е.С.Жүнісов ҚММУ кафедрасына, ал А.С.Адекенова – «Фитохимия» ХҒӨ холдингі» АҚ жұмысқа орналасты.

6D074800 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» PhD-докторантура мамандығы бойынша ОБ 2014-2015 оқу жылы 1 докторант түсті, 2015-2016 оқу жылы – 2 докторант, 2016-2017 оқу жылы – 1 докторант, ал 2017-2018 оқу жылына – докторант түсті.

6D074800 «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» PhD-докторантура мамандығы бойынша докторанттардың бірінші шығарылым 2017 жылы болды (А.С.Кишкинтаева), диссертацияны қорғау 2018 жылы жоспарланған.

Шығарушы кафедра фармацевтикалық пәндер және химия кафедрасы болып табылады.

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» докторантурасы ОБ бойынша оқу процесін қамтамасыз ететін оқытушылар біліктілік талаптарына сәйкес келеді, оқытушы құрамның 100% ғылым кандидаты немесе докторы дәрежесі бар.

(IV) ССК САПАРЫН СИПАТТАУ

ССК жұмысы 2018 жылдың 02 - 04 мамыр мерзімі аралығында ҚММУ Білім беру бағдарламаларына мамандандырылған аккредитация жөніндегі сараптама комиссиясының келу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

ҚММУ білім беру бағдарламалары мен барлық инфрақұрылымның сапасы туралы объективті ақпарат алу, өзін-өзі бағалау туралы есептердің мазмұнын анықтау үшін ректорлармен, проректорлармен, аккредиттелетін ББ кафедра меңгерушілерімен, қоғамдық денсаулық сақтау факультетінің деканымен, биология және фармация, ПОҚ, докторанттар, түлектер, жұмыс берушілермен кездесулер өткізілді. Кездесулерге барлығы 41 адам қатысты.

Кездесу барысында комиссия докторантура мамандықтары бойынша білім беру процесін басқару, осы салада докторантураны оқытуды ұйымдастыру барысының ҚР талаптарына сәйкестігі, ӘБП тарапынан докторанттар мен ПОҚ қолдау, стратегиялық серіктестікті іске асыру арқылы халықаралық тәжірибені пайдалану мүмкіндіктерін, аккредиттелетін мамандықтар бойынша жоғары оқу орындарында ғылыми-білім беру процесін ресурстық қамтамасыз ету, еңбек нарығында түлектерге сұраныс және оларды жұмыс берушілер тарапынан бағалау, ЖОО-ның миссиясын, ББ және басқа да мәселелерді әзірлеу барысына мүдделі тараптардың қатысуы сияқты ұстанымды анықтады.

ССК ЖОО визуалды аралап өту барысында деканатқа, ғылыми-зерттеу орталығына, компьютер орталығына, акт залына, кітапханаға, спорт залына, Академиялық жұмыс департаментіне, ҚММУ мұражайына, Практикалық дағдылар орталығына барды.

ССК екінші жұмыс күнінде фармацевтикалық пәндер мен химия және «Фитохимия» ХҒӨ холдингі» АҚ барды. Кездесу барысында негізгі ПОҚ мен қосымша жұмыс істейтіндер, оның ішінде фарм.ғ.д. С.А.Ивасенко, х.ғ.д. Д.П.Хрусталеv, х.ғ.к. Л.М.Власова, х.ғ.к. Б.М.Кокжалова, фарм.ғ.к. А.Н.Жабаева, фарм.ғ.к. Г.Х.Тулеуова, фарм.ғ.к. Г.А.Атажанова, сондай-ақ, Ж.Р.Шаймерденова, К.К.Шакаримова, М.А.Жунусова, Г.М. Байсаров, К.А.Канапин докторанттарымен кездесті. Комиссия кездесу барысында кафедра жүргізген сабақтарға, докторанттар оқып, зерттеу тәжірибеден өтетін клиникалық базаға қатысты.

Оқыту-білім беру процесін қамтамасыз ететін барлық әдістемелік материалдар зерттелді: ПОӘК, кафедраның әдістемелік әзірмелер, күнтізбелік-тақырыптық жоспар.

Комиссияның жұмыс барысында кафедра меңгерушісі, қызметкерлері, докторанттармен кездесулер өткізілді. Докторанттар зертханаларда зерттеу жұмыс істеу дағдыларын көрсетті, қойылған сұрақтарға белсенді жауап берді.

Комиссия үшінші жұмыс күні аккредиттелетін мамандықтар бойынша ЖОО-нда білім беру, ғылыми процесстерін үйлестіретін құжаттарына талдау жүргізді. Барлық құжаттар комиссия сұрау салуы бойынша құжаттар мөрлері және орындаушылары мен әкімшіліктің қолдарымен берілген мерзімде, қажет болған жағдайда жоо қызметкерлері тарапынан түсіндіріп ұсынылды.

Докторанттардың тәжірибелік даярлығын ғылыми тағылымдамадан, әр түрлі түрлері кәсіби тәжірибеден өтуі қамтамасыз етеді (педагогикалық және зерттеу тәжірибесі – кем дегенде әрбір 3 кредит көлемінде философия докторы (PhD) бағдарламасы бойынша білім алушылардың үшін).

Докторанттардың тәжірибелік даярлығы мамандық бойынша бекітілген ҮОЖ көлем бойынша жеке оқу жоспары мен бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі.

Педагогикалық тәжірибе жоғары мектепте сабақ беру дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру мақсатында жүргізіледі. ҚММУ докторанттарының педагогикалық тәжірибесі бекітілген ЖОЖ пен академиялық күнтізбеге сәйкес 1 курстың көктемгі семестрінде өткізіледі. Сонымен қатар, оқыту дағдыларын бекіту оқу жылы ішінде оқу мамандығының пәндері бойынша бакалавриат сабақтары түрінде теориялық және ғылыми-зерттеу оқытудан қол үзбей жүзеге асырылуы мүмкін.

ҚММУ PhD докторанттың зерттеу тәжірибесі жүргізіледі 2 курстың күзгі семестрінде академиялық күнтізбеге сәйкес, тәжірибе ұзақтығы 3 кредитте анықталды, бұл осы тәжірибе түрі үшін 12 аптаны (360 сағат) құрайды.

Зерттеу тәжірибесінің мазмұны оқыту мамандығымен, докторант пен ғылыми жетекшінің ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбымен анықталады және жоспарлау дағдыларын меңгеру мен ғылыми зерттеулерді жүргізу, алынған мәліметтерді өңдеу және талдау, ғылыми құжаттаманы ресімдеу және ғылыми жарияланымдарды дайындау мақсатын көздейді. Тәжірибенің мақсаты ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Тәжірибені өткізу базасы кафедраның зертханалары, ҚММУ ҰПЗ, өндіріс орындары («Фитохимия» ХҒӨ АҚ) болып табылады, онда ғылыми кеңесші басшылығымен докторанттың эксперименттік бөлігі жүргізіледі.

Тәжірибеден өту нәтижелері, ҚММУ бекітілген есеп түрінде ұсынылады. Есептер жүргізген кафедра отырысында тыңдалады.

(V) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ПРОЦЕДУРАСЫН СИПАТТАУ

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс» мамандығы бойынша докторанттардың ББ аккредиттеуден өтпеген.

(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 Стандарт «Миссия және оқытудың соңғы нәтижелері»

Дәлелдеу бөлімі

Мекеменің қызметі ҚММУ-нің миссиясын іске асыруға бағытталған. Миссия 2017-2021жж. арналған стратегиялық жоспарына қатысты. Стратегиялық мақсаты мен миссия міндеті ЖОО атқаратын мақсаты мен миссиясының міндетіне сәйкес келеді.

Университеттің миссиясы, пайымы және стратегиялық мақсаты ұлттық білім беру жүйесінің мақсаттары, міндеттері мен басымдықтарына сәйкес келеді, бұл жоғары оқу орнының Қазақстан халқына сапалы медициналық қызмет көрсету үшін мамандардың даярлау деңгейін тұрақты көтеруге ұмтылысын дәлелдейді.

Университеті ПОҚ, білім алушылар мен жұмыс берушілер, «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ қалыптастыруды тартады. Жұмыс берушілердің мүдделерін есепке алу мамандарды даярлау мақсаттарын айқындау деңгейінде. Жұмыс берушілер жыл сайын мамандарға өз қажеттіліктерін және оларды дайындауға қойылатын талаптарын қалыптастырады.

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ мазмұны туралы ақпарат ҚММУ сайтында орналастыру арқылы мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ үнемі қайта қарастырылады және бекітеледі.

ЖОО-да ішкі және сыртқы ортаға талдау өткізіледі. Оқытушылар мен білім алушылардың қанағаттану дәрежесі әлеуметтік мониторинг барысында анықталады. Белгіленген талаптарға сәйкес мониторинг ұйымдастырылады және өткізіледі. ҚММУ-де білім алушылар, бітірушілер, жұмыс берушілер мен оқытушылар арасында оқытушылардың кәсіби қызметінің сапасын, басқарушылық қызметі туралы және басқа да білім беру процесі маңызды мәселелері бойынша пікірін анықтау мақсатында сауалнамалар, анкеталар өткізіледі.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

Мықты жақтарына жатқызылады:

- ЖОО-нда Сапа саласында бекітілген саясатының болуы
- ЖОО даму саясаты мен миссиясына ББ мақсаттарының сәйкес болуы
- Еңбек нарығында түлектерге жоғары сұраныс
- ЖОО ББ іске асыруға жауаптыларды анықтауға бағытталған барлық қызметтер бойынша тиісті құжаттар әзірленген (Қағида, нұсқаулықтар)
- ЖОО-ны мен білім беру бағдарламаларының жоғары институттық рейтингі

Талдау бөлімі

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ іске асыру «Миссия және оқытудың соңғы нәтижелері» стандартының қойылған талаптарына сәйкес келеді, бұл түлектердің 100%-дықжұмысқа орналастыруымен дәлелденеді («Фармация» – 2, «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» – 1).

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ әзірлеу процесі барлық мүдделі тұлғаларға ашық және қолжетімді болып табылады (докторанттар және жұмыс берушілермен сұхбат барысында расталды).

Институттық автономия мен академиялық еркіндігі ҚММУ Ғылыми Кеңесінің 21.06.2016 жылы (№6 Хаттама) шешімімен бекітілген ҚММУ-нің білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету саласындағы Саясатымен дәлелденеді. ББ сапасын қамтамасыз ету саясатын қалыптастыру мен іске асыруды барысына Саясатта

көрсетілген негізгі қызметтеріне сүйемелденіп ЖОО барлық бөлімшелері мен процесстің иегерлері қатысады. Құжат ЖОО ұжымдық порталындағы «Сапа менеджменті жүйесі» бөлімде ұсынылған. Әрбір бөлімшенің қызметі әзірленген ҚММУ ішкі құжаттарына – Ережелеріне сәйкес, сондай-ақ порталдың "ЖОО ережелері" бөлімінде көрсетілген үйлестіріледі.

Академиялық жұмыс департаменті (АЖД) деканаттармен бірлесіп оқу жұмыс жоспарын құру барысына жауап береді, оқу жетістіктерін тіркейді (тіркеу кеңсесі), сабақ кестесін, рубеждік және қорытынды бақылау жұмыс кесесін құрайды. Инновациялық технологиялар трансферті орталығы (ИТТО) оқытудың жаңа инновациялық әдістерін енгізу және мониторинг жүргізеді, профессорлық-оқытушы құрамының оқытуды ұйымдастырады, жетекшілік ететін деканатпен бірлесіп оқу процесінің оқыту сапасын қанағаттандырылғанына талдау жүргізеді. Ғылыми және инновациялық қызмет бөлімі (ҒИКБ) білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына мониторинг жүргізеді; халықаралық ынтымақтастық бөлімі және Болонск процесі білім алушылар мен оқытушылардың шетел тағылымдама, академиялық ұтқырлықты ұйымдастырады және жоспарлайды (деканаттармен бірлесіп); кафедралар ББ іске асыруын жүзеге асырады; кітапхана, ТЖД және басқа да құрылымдық бөлімшелер оқыту процесін инфрақұрылымын қамтамасыз етеді.

Критерий бойынша ССК қорытынды: (мықты/қанағаттанарлық/жетілдіруді талап етеді/қанағаттанарлықсыз)

мықты – 21

қанағаттанарлық – 0

жетілдіруді талап етеді – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

6.2 Стандарт «Ғылыми-зерттеу ортасы мен білім беру ресурстары»

Дәлелді бөлім

ҚММУ қоғамдық денсаулық сақтау, биология және фармация факультетінің "Фармация" және "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандықтары бойынша PhD докторантура бағдарламаларының сәттілігі мықты және тиімді ғылыми-зерттеу ортасын қамтамасыз етеді, бұл PhD-докторанттарының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға ықпал етеді. "Білім туралы" ҚР заңына және ҚР МЖМБС сәйкес оның негізгі мақсаты жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру, ғылыми-зерттеу секторы мен практикалық денсаулық сақтау (ҚММУ докторантура туралы ереже) үшін жоғары мамандандырылған ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындау болып табылады.

Мықты және тиімді ғылыми-зерттеу ортасын ұйымдастыру жасалады ғылыми жетекшілері мен кеңесшілердің мықтықұзыретті деңгейін ұштастыруда, жоғары технологиялық зерттеу ресурстық база (зертханалар, ғылыми орталықтар, ҚММУ ҒЗО ұжымдық пайдалану зертхана, клиникалар), Қазақстанның, жақын және алыс шетелдердің жетекші медициналық зерттеу ұйымдары мен мекемелері арасында ынтымақтастық, (Ынтымақтастық туралы келісім-шарттар тізімі, Халықаралық ынтымақтастық бөлімі ҚММУ: <https://portal.kgmu.kz>).

ҚММУ кәсіби тәжірибеден (педагогикалық, зерттеу) өту және ҒЗЖ орындаған кезде базалық және бейіндік пәндер дағдыларын зерттеу, дағдылар мен біліктерді қалыптастыру негізінде докторанттарға қажетті білім мен құзыреттіліктерді игеруді қамтамасыз етеді. Докторантурадағы оқу сабақтарын ғылыми дәрежесі бар ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, PhD докторы жүргізеді. Оқытушы, ғылыми жетекші, кеңесші PhD-докторанттардың жоғары кәсіби деңгейін ПОҚ 100 %-нда ғылым докторы немесе ғылым кандидаты ғылыми дәрежесі бар, жоғары білім беру саласында, сондай-ақ әр түрлі деңгейдегі ғылыми-зерттеу жобаларының іске асыруына қатысқан үлкен жұмыс тәжірибесі бар ПОҚ растайды.

Соңғы 3 жылда индекстелетін баспаларда жарияланымдардың артқаны байқалады. Докторантурадағы білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша сабақ өткізетін және/немесе докторлық диссертацияның ғылыми кеңесшілері болып табылатын ПОҚ төмендегідей беделді жарияланым беттеріне мақалалары шыққан: J.Georgian Medical News (Cited in Scopus), Life Science Journal (Cited in Scopus), Georgian Medical News (Cited in Scopus), Russian Journal of Physical Chemistry A (Cited in Thompson-Reuter), International Journal Of Pharmacy & Technology (Cited in Scopus), Химия природных соединений (Cited in Thompson-Reuter), Non-ferrous Metals (Cited in Scopus). Есеп беру мерзімі аралығында ПОҚ ҚР 10 патенті, ҚР патентіне 12 өтінім берілді.

Айта кететін бір жайт, докторантурадағы білім беру бағдарламаларының пәндері бойынша сабақ өткізетін және/немесе докторлық диссертацияның ғылыми кеңесшілерінде Хирша (Thomson Reuters, Scopus, Web of Science, Google Scholar, РИНЦ). нөлдік индекс.

ҚММУ базасында Ұжымдық пайдалун зертханасы қызмет атқарады. Ол терең молекулалық-генетикалық және протеомно-геномдық зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін замануи құрал-жабдықтарымен жабдықталған. Зертхана құрамында бірқатар бейінді бөлімдер бар: микробиологиялық, иммунологиялық, хроматографиялық, ПЦР-диагностика және сиквенс, жуу-залалданған бөлімдер. Зертханада жаңа сынама дайындау және жою ісшаралардан тұратын толық зерттеу жұмыстарын жүргізе алатын қажетті инфрақұрылым бар. ҰПЗ жабдықтауы мен персоналдың жоғары біліктілігі түрлі мақсаттарға жетуге оның ішінде түрлі деңгейдегі диссертациялық жұмыстар мен ғылыми жобаларды орындауға және дайындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда, ИСО 15189 «Медициналық зертхана» талаптарына сәйкес аккредиттеу процедураларынан өту үшін ҰПЗ дайындау бойынша жұмыстар атқарылып жатыр.

Қазіргі таңда, «Фармацевтикалық кластер» тұжырымдамасы шеңберінде PhD-докторантарымен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу мүмкіндіктері бар. Ол туралы Келісім 17 қатысушымен 22.01.2016 жылы қол қойылды, оның

«Фитохимия» ХҒӨХ АҚ, «Қарағанды фармацевтикалық зауыт» ЖШС, Қарағандық ҚР ӘДМ «СҮОДЗММБ» ШЖҚ РМК, «Баянауыл ұлттық табиғи саябағы», «Қызыл май» ӨК, «Фитотерапия орталығы» ЖШС және т.б. Келісімнің бір талабы бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізу, бірлесіп пайдалану үшін тәжірибелі-сараптамалық және зерттеудің зертханалық базасын дамыту, ғылыми және өндірісітк саласындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу барысына бірлесіп қатысу болып табылады.

PhD-докторанттары өзінің ғылыми зерттеу жұмыстарының бөлігін халықаралық тағлымдама шеңберінде (Венгрия, Польша) алыс шетелдерде орындайды. 2015 жыл ғылыми-зерттеуді дамыту және Еуропалық одақта докторантура бағдарламасының сапасын арттыру, халықаралық еуропалық және ұйымдарымен ынтымақтасу үшін ЖОО Еуропалық университеттер қауымдастығы құрамына (EUA) кірді.

Университет PhD білім беру халықаралық стандарттарды енгізу және әзірлеу мәселелері бойынша халықаралық конференцияларға, кездесулерге қатысады, денсаулық сақтау проблемаларын табысты шешу үшін жаһандық интернационалдандыру үшін докторлық зерттеулерге қатысады.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

Мықты жақтарына жатады:

- Докторантура ББ жүзеге асыруына қатысатын ЖОО-ның ПОҚ жоғары кәсіби дәрежесі
- ЖОО ПОҚ мотивациясы мен қызуғышылығын арттыру жүйесінің тиімділігі
- ПОҚ оқытушылық құзыреті мен инновациялық білім бері технологияларымен ПОҚ бірыңғай оқыту жүйесімен қамтамасыз ету
- Тәжірибелік фармация ұйымының жетекші мамандарын докторанттарға ғылыми кеңес беруге жұмылдыру
- ЖОО материалдық-техникалық және әлеуметтік-мәдени базасын дамыту

- «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша PhD-докторантура бағдарламасын жемісті іске асыру үшін үлкен ақпараттық ресурс
- ЖОО академиялық адалдық, іскерлік этика және биоэтика принциптерінің регламенттерінің болуы.

Талдау бөлімі

«Ғылыми-зерттеу ортасы мен білім беру ресурстары» стандарты ҚР медицина жоғары оқу орны жанындағы диссертациялық кеңесте сәтті қорғалатын және оны халықаралық конференцияларда баяндама жасау арқылы үлкен ғылыми аудиторияға жеткізілетін докторлық диссертацияны дайындауға, докторанттарға ғылыми зерттеулердің нәтижелерін уақтылы және сапалы алуға мүмкіндік беретін адами ресурстар мен материалдық-техникалық базасының дәлме-дәл деңгейін көрсетеді. Докторанттарды даярлау процесін жетілдіру үшін стратегиялық ЖОО-серіктестіктерді жұмыслдыру арқылы докторантураның білім беру бағдарламаларын күшейтуді қажетті туындайды.

ССК ұсынысы

- ✓ Екі университеттен дәрежелік атағын алу мүмкіндігімен стратегиялық ЖОО-серіктестіктерімен бірге «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның бірлескен ББ құру
- ✓ қазіргі заманғы денсаулық сақтаудың ең өзекті мәселелерін анықтау арқылы тәжірибелік фармация және медицина саласындағы ғылыми зерттеулер жүргізу үшін сыртқы қаржыландыруды тарту

Критерий бойынша ССК қорытынды:(мықты/қанағаттанарлық/жетілдіруді талап етеді /қанағаттанарлықсыз)

мықты – 26

қанағаттанарлық – 1

жетілдіруді талап етеді – 1

қанағаттанарлықсыз – 0

6.3 Стандарт «Қабылдаудың саясаты мен талаптары»

Дәлелді бөлім

ҚММУ «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураға қабылдау

ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына және ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Жоғары оқу орнынан кейінгі міндетті білім беру стандарттарына (1 бөлім. Докторантура) сәйкес, яғни қабылдау емтихандары нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Сонымен қатар, ҚММУ Түлектерді қабылдау және үйлестіру саясаты әзірленіп енгізілген, онда докторанттарды оқуға қабылдау, қабылдау технологиясы, қабылдау бөлімінің жұмысы, білім алушылар контингентін қалыптастыру толық сипатталған.

2017 жылы қабылдау үшін «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ қабылдау емтиханының бағдарламасы ҚММУ ректорымен 17.05.2017ж. бекітілген.

Қабылдау емтиханын өткізу мақсаты білім беру бағдарламаларын меңгеруге PhD-докторантура даярлық дәрежесі анықтау болып табылады.

Докторантура түлектерінің құзыреттері талаптарының өзгеруіне байланысты, қабылдау емтихандарының бағдарламалары қайта қаралады және жыл сайын бекітіледі.

"Фармация" және "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандықтары бойынша докторантура оқуға түсетін азаматтар қабылдау емтихандарын тапсырады: 1) бір шет тілін таңдауы бойынша (ағылшын, француз, неміс); 2) мамандық бойынша.

Қажетті пререквизиттер болмаған жағдайда үміткерге оларды ақылы түрде меңгеруге рұқсат етіледі (докторантура түлегі "Фармация" мамандығы бойынша Е.С. Жүнісов). Мұндай жағдайда толық пререквизиттерді меңгергеннен кейін докторантурада білім алу басталады.

ҒСК ҚММУ-нің кеңесші органы құрамында жұмыс істейтін комиссия болып табылады, яғни ғылыми-сараптамалық кеңесінің (ҒСК). ЖОО-да ҚММУ Ғылыми-сараптамалық кеңесі және ғылыми-сараптамалық комиссиялары туралы әзірленген және бекітілген Ереже (соңғы нұсқасы ҚММУ ректоры 25.01.2018ж бекітілді).

ҒСК тиісті ғылыми-техникалық және инновациялық қызметі білім беру үдерісімен ғылыми интеграцияны қамтамасыз ету және мамандарды және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлаумен сапасын арттыру, бейін бойынша ғылыми зерттеудің бағыттарына ұйымдастыру және сараптама жүргізу үшін құрылады.

Кадрларды даярлау үшін мемлекеттік тапсырманы орналастыру, бюджеттік қаржыландыру арқылы докторант контингентін қалыптастыру, сонымен қатар азаматтың өз қаражаты немесе басқада көздер есебінен оқу ақысын төлеу.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

Мықты жақтарына жатқызылады:

Докторских диссертацияның өзекті тақырыбы

- ҚММУ тақырыбы бойынша докторантқа рұқсат заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етілген Ұжымдық пайдалану зертханасының болуы (ҰПЗ).
- «Фитохимия» ХҒӨХ АҚ, «Қарағанды фармацевтикалық зауыт» ЖШС, Қарағандық ҚР ӘДМ «СҰОДЗММБ» ШЖҚ РМК, «Баянауыл ұлттық табиғи саябағы», «Қызыл май» ӨК, «Фитотерапия орталығы» ЖШС және т.б. Келісімнің бір талабы бірлескен ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізу, бірлесіп пайдалану үшін тәжірибелі-сараптамалық және зерттеудің зертханалық базасын дамыту, ғылыми және өндірістік саласындағы халықаралық ынтымақтастық бағдарламасын әзірлеу барысына бірлесіп қатысу болып табылады.
- Халықаралық тағылымдама шеңберінде докторанттар үшін өзінің ғылыми зерттеуінің бөлігін орындау үшін алыс және шетелде ғылыми зерттеулерді жүргізу мүмкіндігі (Венгрия, Польша, Түркия, Ресей және Украина)

Талдау бөлімі

«Қабылдаудың саясаты мен талаптары» стандарты бойынша кадрлық ресурстар қажеттілігі, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің өзгертулері мен PhD докторантура бағдарламасының қажеттілігін ескере отырып, докторанттарды қабылдау саясаты мүдделі тараптардың талаптарына сәйкес келеді.

Критерий бойынша ССК қорытынды: (күшті/қанағаттанарлық/жетілдіруді талап етеді /қанағаттанарлықсыз)

Күшті– 12

Қанағаттанарлық– 0

Жетілдіруді талап етеді – 0

Қанағаттанарлықсыз – 0

6.4 Стандарт «PhD докторантура бағдарламасы»

Дәлелді бөлім

ҚММУ Докторантура туралы ереже бекітілген (соңғы нұсқасы ҚММУ ректоры 28.01.2018ж бекітілді).

Өзін-өзі бағалау қосымшасында диссертациялық жұмыстың тақырыбы ұсынылады (қосымша № 4).

Оқуға түскен барлық мерзіміне әр жыл бойынша модульдік білім бағдарламасы (МББ) жоғары оқу орнында әзірленеді және бекітіледі, сонымен қатар докторанттарға кредит түрінде пәндердің еңбек сыйымдылығын ескере отырып базалық және бейіндік компонентінің оқыту модулін мен элективті пәндерді таңдау мүмкіндігі беріледі.

Докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы: білім беру мазмұнын анықтайтын және олардың арақатынасын, өлшемін және есебін көрсететін білім беру және ғылыми екі компоненттерден тұрады.

ҚММУ «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша диссертациялық жұмыс докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы мамандар болып табылатын, кандидат немесе доктор ғылыми дәрежесі бар отандық және шетел ғылыми кеңесшілер, кем дегенде 2 адамнан тұратын консультациялық ұжымның басшылығымен орындалады, бұл ҚР БҒМ 2011 жылғы 31 наурыздағы №127 бұйрығының ғылыми кеңесшілер талаптарына сәйкес келеді. Ғылыми кеңесшілер мен диссертациялық жұмыстың тақырыбы ҚММУ Ғылыми Кеңесінің отырысында бекітіледі. Докторантура туралы ережеге сәйкес ғылыми кеңесшінің міндеттері мен қызметтері анықталады. ЖОЖ қалыптастырған кезде докторантқа консультациялық көмек көрсететін ҚММУ ғылыми кеңесші академиялық тәлімгерлік (эдвайзера) міндеттерін орындайды.

ЖОО оқу жоспары мен оқу процесі талаптарын орындаған жағдайда ПОҚ өз еркімен сабағын өткізеді, ұйымдастырады.

ҚММУ оқытушы кадры педагогикалық дағдыларын жетілдіру бойынша оқудан өтпеді; заманауи интерактивтік тәсілдер мен оқу технологияларын меңгереді және оларды оқу процесіне пайдаланады.

Академиялық мобильділік қамтамасыз ету мақсатында ББ компоненттерін игеру үшін және/немесе зерттеулер жүргізу үшін докторанттар білім және ғылым шетелдік ұйымдарда оқу мерзімі аралығында 3 айдан артық емес 2 рет тағылымдаманы жоспарлау керек. Бүгінгі таңда, ҚММУ жетекші білім беру және ғылыми ұйымдарымен, оның ішінде шетелдік ұйымдармен шарт жасалды, олардың тізімі ҚММУ ресми сайтында орналастырылған (<http://www.kgmu.kz/ru>; Академиялық ұтқырлық. Серіктестер).

Докторантураның ББ бағалау ғылыми кеңесшілер және докторанттардың қатысуымен кафедра отырыстарында жүргізіледі.

Элективті курстар кәсіби бағыттылығы бар, бұл өзінің ғылыми және тәжірибелік мамандандыруды ескере отырып білім алушыларға жеке білім беру траекториясын оқу мүмкіндігін береді.

Қабылдау комиссиясының жұмыс істеу мерзімінде сайтқа және студенттік білім беру порталына танысу үшін ЭПК орналастырылады.

Кафедраларда іске асырылып жатқан бағдарламаға қанағаттанушылығын анықтау, сонымен қатар оны жақсарту бойынша ұсыныстарды алу үшін докторанттарға сауалнама және басқа да сауалнама түрлері жүргізіледі.

міндетті компонент және таңдау бойынша компонент пәндер жүргізетін кафедра, педагогикалық әдістер тізбесін айқындайды, олар силлабус пен жұмыс бағдарламаларында сипатталады.

Докторанттарға мемлекеттік аттестаттау кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі, бұдан әрі – диссертациялық кеңесте докторлық диссертацияны қорғау.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

- Фармация және медицина саласында заманауи жаһандық тәжірибені қолданумен докторанттың диссертациялық жұмысы шеңберінде зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін еуропалық ұйымдармен (EUA), ЖОО халықарлық ынтымақтастығы.

Талдау бөлімі

«PhD докторантура бағдарламасы» стандарты бойынша «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ББ ҚММУ Жоғары оқу орнынан кейінгі міндетті білім беру стандарттарына сәйкес әзірленген және енгізіліп жатыр.

PhD докторантура білім беру бағдарламасының міндеті ел ішінде, сондай-ақ халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабылетті отандық докторларды даярлау, жаһандық білім беру кеңістігенде ұлттық докторлық бағдарламаларды интеграциялау.

Докторанттардың ЖОЖ, есептер, жалпы докторанттардың оқу процесі ғылыми зерттеу жұмыстарын орындаумен жетілдіруді қажет етеді.

ССК ұсынысы

- ✓ Бекітілген құзыреттілікке сапалы мониторинг жүргізу үшін әр оқу жылына «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша докторантураның ЖОЖ ісшаралары жетілдіру.

Критерий бойынша ССК қорытынды: (мықты/қанағаттанарлық/жетілдіруді талап етеді/қанағаттанарлықсыз)

мықты – 15

қанағаттанарлық – 1

жетілдіруді талап етеді – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

6.5 Стандарт «Ғылыми басшылық»

Дәлелді бөлім

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша PhD докторлық диссертацияның жетекшілігі ретінде жыл сайын кафедраның жетекші доценттері мен профессорлары, сонымен қатар, тәжірибенің жетекші мамандары тағайындалады.

Ғылыми басшының атына бекітілген докторанттар саны оның жұмыс жүктемесіне сай келеді. Басшының жұмыс жүктемесі докторантқа кеңес беру және басқа да жұмыс түрлеріне кеңес беру уақытын ескере отырып жоспарланады.

Қазіргі уақытта ҚММУ білім және ғылым саласындағы жетекші университеттермен, сонымен қатар біздің республикамыздың, жақын және алыс шет ғылыми ұйымдарымен және ынтымақтастық туралы келісім-шарт бар. Республикасының аумағында Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті, Ақтөбе қаласы; Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік фармацевтика академиясы, Шымкент қ.; С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медициналық университеті, Алматы қ.; "Астана Медицина университеті" АҚ және басқа да ұйымдармен шарт жасалған.

ЖОО, сонымен қатар алыс және жақын шетел ірі университеттерімен мерзімі шексіз шарт жасаған: Курск мемлекеттік медициналық университеті, Новосібір мемлекеттік медицина университеті, Халықаралық медицина университеті, Малайзия. Куала-Лумпур; Харьковским ұлттық медицина университеті, Бірінші Мәскеу мемлекеттік медицина университеті. И.М. Сеченов атындағы Медицина университетімен, Польша және т. б. студент алмасу үрдісі қалыптасқан.

Ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастық туралы шарт жасалған, атап өтсек «Фитохимия» халықаралық ғылыми-өндірістік холдингі» АҚ.

Фармацевтикалық факультетте PhD докторанттар үшін ғылыми жетекші және ғылыми кеңесшіні таңдау кезінде келесі саясатты басшылыққа алады: ғылыми жетекші және ғылыми кеңесші жоғары кәсіби біліктілікке маман болуы тиіс, сондықтан бұл рөлді фармацевтикалық пәндер мен химия кафедрасында профессорлар, ғылыми дәрежесі бар доценттер (ғылым докторы немесе ғылым кандидаты) орындайды.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

- «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша PhD докторлық диссертацияның жетекшілігі ретінде білім беру ұйындары арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум аясында алыс және жақын шетел жетекші ғалымдары жұмылдырады.

Талдау бөлімі

Диссертация жұмысы кезінде

«Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша PhD докторантура оқу процесіне ұсыныс жасау, ғылыми және әдістемелік көмек көрсету үшін, жұмыстың орындалуына бақылау жүргізу, қажет болған жағдайда психологиялық көмек көрсету үшін әрбір PhD докторантына оқуға түскеннен кейін 2 ай мерзімі аралығында ғылыми жетекші тағайындалады. Егер де диссертация түрлі ғылыми бағытта орындалатын болса, ғылыми кеңесшілер немесе бірлескен басшы тағайындалады.

Ғылыми басшылық кәсіби тәжірибе критерилері, ғылыми-зерттеу қызметі нәтижесіне, әріптестер тарапынан қолдауына және оқыту тәжірибесіне негізделген.

Диссертацияның тақырыбы практикалық медицинаның өзкети мәселелеріне жауап береді.

Критерий бойынша ССК қорытынды: (мықты/қанағаттанарлық/жетілдіруді талап етеді/қанағаттанарлықсыз)

мықты – 9

қанағаттанарлық – 0

жетілдіруді талап етеді – 0

қанағаттанарлықсыз – 0

6.6 Стандарт «PhD бойынша диссертация»

Дәлелді бөлім

Докторлық диссертация «Фармация» және «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандықтары бойынша PhD докторантура МБББ сай ғылыми-зерттеу қызметі құзыретін докторантта қалыптастыру көрсеткіші болып табылады. Диссертацияны дайындау мерзімі – 3 жыл.

Қазіргі уақытта PhD докторы ғылыми дәрежесін ізденушіге 6D1104800 – Фармация мамандығы бойынша диссертациясыны: Адекенова А.С., Жүнісов Е.С. қорғады. Адекенова А.С. пен Жунусова, Е.С. диссертация докторанттармен өздері жазған, дербес жаңа ғылыми нәтижелері мен қағидаларының жиынтығын қамтиды, автормен көпшілік алдында қорғау туралы ұсынысы жеке автордың ғылымға қосқан үлесін куәландырады.

"Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандығы бойынша бірінші шығарылымы 2017 жылы болды, бірақ қосымша зерттеулер жүргізу қажеттілігіне байланысты бітіруші Кишкентаева А.С. диссертациялық жұмысты қорғауы 2018 жылдың қыркүйек айына жоспарланған.

Диссертациялық жұмысты қазақ және орыс тілінде жазу мүмкіндігі қарастырылған. «Фармация» мамандығы бойынша ҚММУ докторанттарының диссертациялық жұмыстары орыс тілінде ұсынылған.

Докторанттар үшін диссертациялық жұмысты ағылшын тілінде жазу мүмкіндігі қарастырылған. Осындай әдіс ЖОО қарастырылға. Қазіргі таңға дейін «Фармация» мамандығы бойынша ағылшын тілінде диссертациялық жұмыс қорғалмаған.

Диссертациялық жұмыстың орындалу нәтижесі барлық қызығушылық танытқан талаптарға – докторанттарға, ғылыми жетекшілерге, ҚММУ қызметкерлеріне, осыған

ұқсас ғылыми жұмысты орындап жатқан ізденушілерге және т.б. ҚММУ студенттік порталында қолжетімді болады.

ҚММУ фармацевтикалық пәндер мен химия кафедра бейіндік отырысында "Фармация" және "Фармацевтикалық өндіріс технологиясы" мамандықтары бойынша докторанттардың диссертациясын талқылауды қамтамасыз етеді, бұдан әрі жұмысты "Фармация және фармацевтикалық өндіріс технологиясы" ССК қарауына ұсыну туралы ұсыныстар шығарылады (2016 жылға дейін – ССК "Терапия және фармакология"). Талқылау қорытындысы кафедра және ССК отырысының хаттамасымен ресімделеді.

Мықты жақтары/үздік тәжірибе

- ҰПЗ мен «Фитохимия» ХҒӨ» АҚ базаларында орындалғанына байланысты, ғылыми зерттеулердің нәтижелері нақты болып табылады және жоғары қолданбалы маңызы бар.
- Зерттеу тақырыбы бойынша диссертациялық жұмыстар тек зертханалық жабдықта емес, сонымен қатар тәжірибелік-өнеркәсіптік қондырғыларда орындалады, ал бұл коммерцияландыру өнім болуы мүмкін тәжірибелік-өнеркәсіптік регламенттерін игеруге мүмкіндік береді.

Талдау бөлімі

ҚММУ докторантура туралы ережеге сәйкес, диссертация тақырыбы, докторанттардың ғылыми кеңесшілері кафедра отырысында ұсынылады, ССК отырысына ұсынылатын диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерімен ұсынылады. ССК ҚММУ Ғылыми Кеңесіне докторанттардың диссертациялық жұмысы тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерді ұсынады.

